

## Тауарлар экспортын жанама реттеу шаралары жөніндегі тұжырымдаманы мақұлдау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 шілде N 714. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстанның экспорттық әлеуетін тиімді пайдалану және тауарлардың әлемдік рыноктарына оның қатысуын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауарлар экспортын жанама реттеу шаралары жөніндегі тұжырымдама мақұлдансын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 2 шілдедегі

N 714 қаулысымен

мақұлданған

Тауарлар экспортын жанама реттеу шаралары

жөніндегі тұжырымдама

Кіріспе

Тауарлар экспортын жанама реттеу шаралары жөніндегі тұжырымдама (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау үшін әзірленді.

Экспорт елдің экономикалық өсуінде елеулі рөл атқаратындықтан, экспортты реттеу мәселелері оның экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде маңызды және көкейкесті болып табылады. 2000 жылы экспорттың жалпы ішкі өнімге қатынасы 53% құрағандығы фактісі (Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің алдын ала бағалауы бойынша 2001 жылы бұл көрсеткіш

41% құрайды) осыны айғақтайды.

Бұл ретте мұнай және газ конденсаты, қара және түсті металдар, ауыл шаруашылығы шикізаты жетекші экспорттық тауарлар болып қала береді. Тұтасымен алғанда, шикізатқа және оларды бастапқы қайта өңдеуден алынған өнімдерге экспорттың бүкіл көлемінің 80%-дан астамы келеді. Мұндай жағдай өңдеуші өнеркәсіптің отандық өнімінің бәсекелестік қабілетінің төмендігімен ғана емес, сонымен бірге экспортты ынталандыру саясаты тиімділігінің жеткіліксіздігімен де түсіндіріледі.

Республиканың қолданылып жүрген сауда режимінде экспорт тарифтік (экспорттық баждар) және тарифтік емес (лицензиялау сандық шектеулер, тыйым салулар және басқалары) шаралармен реттеледі. Экспортты жанама немесе тарифтік емес реттеу кедендік-тарифтік реттеудің шегінен тыс шығатын экономикалық және әкімшілік шаралардың жиынтығын білдіреді. Бұл шаралар шектеуші сипатқа да сол сияқты ынталандырушы сипатқа да ие болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан қазақстандық тауарларды сыртқы рыноктарға жылжытуға және кемсітушілік кедергілерін жоюға бағытталған белсенді экспорттық саясат жүргізіп отырғандығына қарамастан, экспортты реттеудің тарифтік емес немесе жанама шаралары, атап айтқанда, ынталандырушы сипаттағы шаралар, толық көлемде пайдаланылмауда.

Осындай жағдайда экспортты мемлекеттік ынталандыру шараларының тұтас жүйесін қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді. Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің табысты әлемдік тәжірибесі құрылымдық қайта құрудың негізгі аспектісі отандық экспорттаушылар үшін тиімді құқықтық тетіктер, сондай-ақ тиісті қаржылық және ақпараттық инфрақұрылымдар, тұтас алғанда сыртқы экономикалық қызметті жандандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейтін, экспортқа бағдарланған экономикалық өсуді мемлекеттік қолдау болады.

Тұжырымдама орташа мерзімді перспективаға есептелген және 2006 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

Экспортты реттеудің жанама шараларын қолданудың қазіргі жай-күйі

Республиканың сыртқы саудасын реттеудің тарифтік емес реттеу шаралары акцизделетін тауарлардың айналымын реттеуді, тауарларды сертификаттауды, ішкі рынокты тауарлар импортынан қорғауды, экспорттық лицензиялар беруді, сондай-ақ жекелеген тауарлардың экспортына тыйым салуды немесе шектеуді, қазақстандық өнімдерді әлемдік рыноктарға жылжытуды қамтиды.

Өткізу рыноктарын кеңейту жөніндегі қызмет шеңберінде АҚШ-та

демпингке қарсы анықтаудың күші жойылды және қазақстандық титан губкасының импортына, уран өнімі мен ферросилицийге қатысты салынған демпингке қарсы баждар алынып тасталды. 2000 жылғы наурызда Еуроодақ елдері Қазақстан Республикасынан феррохром импортына демпингке қарсы т е р г е у д і т о қ т а т т ы .

Еуроодақ елдерінің ферросилиций жеткізулеріне енгізілген демпингке қарсы баждарды алып тастау, қазақстандық болатты еуропалық рынокқа шығаруға экспорттық квотаны ұлғайту жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда.

2000 жылы Еуроодақ Қазақстанға демпингке қарсы анықтауға қатысты нарықтық экономикасы бар елдің мәртебесін берді. АҚШ-тың демпингке қарсы заңына сәйкес 2002 жылғы наурызда АҚШ-тың Сауда министрлігі Қазақстанның нарық экономикасы бар ел емес мәртебесін алып тастады.

Сыртқы экономикалық қызметті реттеу саласындағы басқа бағыт экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруға мемлекеттік бақылауды күшейту болып отыр. "Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы Заңы халықаралық іскерлік операцияларында мемлекеттік кірістің ысырабын болдырмау үшін трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау шараларын белгілейді. Осы Заңды іске асыру тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) тізбесінде белгіленген тауарлар жөніндегі мәмілелердің мониторингін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Тауарлар экспортын және валюта түсімін бақылаудың пәрменділігі мақсатында экспорт көлемін есепке алу, отандық өндірушілердің экспорттық бағаларының әлемдік рыноктардағы бағалардан ауытқуы жөнінде жұмыс жүргізілуде, экспорттаушы кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметінің барынша мүмкін ашықтығын қамтамасыз ету үшін жағдай жасалуда.

Республиканың экономикалық қауіпсіздігінің мүдделерін және басқа да өмірлік маңызы бар мүдделерін негізге ала отырып, атап айтқанда, ішкі рыноктың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында экспортты шектеу жөніндегі шаралар қолданылады. Бұл лицензиялауды, квоталауды немесе тыйым салуларды, экспортты ерікті түрде шектеуді енгізу жолымен экспортталатын тауардың санын шектеуге арналған шаралар. Мәселен, жылыту маусымында және ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңінде мазутпен және дизель отынымен қамтамасыз етудің дағдарысты жағдайына байланысты 1999-2001 жылдардың ішінде бірнеше рет Қазақстан Республикасының аумағынан мазут пен дизель отынының экспортына уақытша тыйым салу енгізілді.

Мемлекет экспорттық жүктерді тасымалдау үшін көлік дәліздерін салуды және олардың қуаттылықтарын арттыруды қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жү р г і з у д е .

Экспорттық бақылауды күшейту жөнінде жұмыс жүргізілуде. Халықаралық міндеттемелерді сақтау мақсатында тиісті заңнама қабылданды, екі ұдай мақсаттағы тауарлар мен технологиялардың тізбесі кеңейтілді.

2001 жылы оған экспорттық операцияларды несиелендіру функциялары жүктелген Қазақстанның Даму банкі құрылды. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен бірлесіп, оның мақсаты - тауарлар экспортынан түсетін түсімнің шетелдік валютамен және теңгемен толық әрі уақытылы түсуін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тауарлар импорты мақсатына қаражатты шетелдік валютамен және теңгемен пайдаланудың заңдылығы мен негізділігін қамтамасыз ету болып табылатын экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыруда.

Барлық осы шаралар мен жұмыстар, дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды неғұрлым жылжытуға бағытталған. Экспортты елдің экономикасын дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде ұлғайту, қалыптасқан жағдайда өңдеуші өнеркәсіпке зиян келтіріп, ұлттық экономиканың құрылымында шикізат кешенінің одан әрі дамуына және күшеюіне әкеледі. Осыған байланысты қазақстандық экспорттың номенклатурасын кеңейту және өңделу дәрежесі жоғары өнімнің есебінен оның құндық көлемін ұлғайту жөнінде тиімді шаралар қажет.

### Экспортты жанама реттеудің шараларын қолданудың негізгі бағыттары

Мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістерін (көбінесе, жанама нысандары арқылы) таңдау елдің экономикасының қазіргі жағдайдағы экспортқа бағдарлануын дамытуға мемлекеттің ықпал ету мүмкіндігін айқындайды. Сонымен бір мезгілде, осы шараларды қолданудың негізгі бағыттарын белгілеу үшін қазақстандық экспортты тежеуге ықпал ететін факторларды анықтау қажет. Оларға:

отандық өнеркәсіп, ең алдымен өңдеуші өнеркәсіп өнімінің бәсекелесу қабілетінің төмендігі;

өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінде перспективалы экспортқа бағдарланған жобалар мен зерттеулерді инвестициялау үшін ішкі ресурстардың болмауы;

тұтынушылық және экологиялық сипаттамаларға, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің рыноктарында сатылатын өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың едәуір күшеюі жағдайында экспорттық өнімнің сапасын сертификаттаудың және бақылаудың отандық жүйелерінің жеткіліксіз дамуы;

қазақстандық экспортты қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының ж е т і л м е г е н д і г і ;

отандық кәсіпорындар менеджерлерінің көпшілігінде экспорт саласындағы арнайы білім мен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, олардың сыртқы рыноктардағы іс-әрекеттерінің үйлестірілмеуі;

кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте дәстүрлі өндірістік байланыстардың ү з і л у і ;

шет елде қазақстандық экспортшыларды кемсітушілік элементтерінің с а қ т а л у ы ж а т а д ы .

Осыған байланысты, Тұжырымдаманың басты міндеті - оның тиімділігін арттыру мақсатында жанама реттеу шараларын қолданудың негізгі бағыттарын әзірлеу болып табылады. Экспорттық операцияларды несиелендіру мен сақтандыруды кеңейту, әлемдік саудадағы өзгермелі жағдайларға сәйкес жаңа рыноктарға жылжуда ақпараттық қолдау мен жәрдемдесудің мемлекеттік саясаты арқылы басты міндетті шешу көзделеді.

Өнеркәсіп саясатын, агроөнеркәсіп кешенін, көлікті және ел экономикасының басқа да секторларын дамыту стратегиясын жүзеге асырудың нәтижесінде экспорттың құрылымын әртараптандыру қосылған құнының дәрежесі жоғары өнімнің үлесін ұлғайтуға, тауарлар мен қызмет көрсетулер экспортының номенклатурасын кеңейтуге әкелуі тиіс.

Бұл ретте, экспорттың тұрақты өсуіне жәрдемдесу мына бағыттардағы шараларды әзірлеу мен іске асырудың есебінен жүзеге асырылатын болады:

қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қазіргі рыноктарға тұрақты қатысуына және жаңа рыноктарды ашуына қол жеткізу;

дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды жеткізуді ұлғайту;

дәстүрлі емес, жаңа тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту.

Экспорттың өткізу рыноктарын кеңейтуге саяси және экономикалық шаралармен, дипломатиялық рәсімдермен және сыртқы рыноктарда қолдаудың нысандарымен қол жеткізілетін болады:

сауда жөніндегі екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу;

қазақстандық тауарлардың жолындағы орын алып отырған кемсітушілік к е д е р г і л е р і н а л ы п т а с т а у ;

сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарларға сөзсіз негізде неғұрлым қолайлы жағдай режимін ұсынуға қол жеткізу;

қазақстандық экспорттық тауарларды Дамыған елдер преференцияларының бас жүйесіне енгізу ол преференциялар мен техникалық көмек беру тетігін дәстүрлі емес тауарларды жылжыту және шет елдердің рыноктарына Қазақстанның қатысуын орнықтыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді;

экспортты дамыту үшін перспективалы елдерде Қазақстан елшіліктерінің

қызметін

жандандыру;

экспорт бойынша шығындарды азайту мақсатында өнімдерді тасымалдау кезінде икемді тарифтік саясат жүргізу.

Тұтас алғанда, саудадағы әріптес елдерді таңдауда икемді саясат қажет: өткізу рыноктарын әртараптандыру Еуропа мен Азия елдерінің жақын рыноктарын толығырақ пайдалану, үшінші елдер арқылы транзитті барынша азайта отырып, аймақтық одақтармен өзара іс-қимылды күшейту.

Елдің экспорттық әлеуетін дамыту үшін халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың түрлі нысандарын оңтайлы пайдалану ұлттық экспорттық стратегияның маңызды элементі болып табылады.

Әлемдік практикада экономикалық ынтымақтастықтың түрлі нысандары пайдаланылады. Соңғы жылдары шетелдік инвестицияларды тарту және бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құру, өтемдік негіздегі ынтымақтастық, несиелік келісімдер, алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу, лицензиялық сауда, халықаралық лизинг, инжиниринг, жағалаудағы және шекара маңындағы сауда еркін экономикалық аймақтар құру, екеуден көп елдердің қатысуымен өтемдік тасымалдаулар және тағы басқалары сияқты нысандар кеңінен қолданылуда.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта шетелдік әріптестер инвестициялардың ресурстық базаны дамытуға және отын-энергетикалық кешеннің қуаттарын жаңғыртуға жұмсалуды жүзеге асыруға көбірек мүдделі болғандықтан, бірлескен кәсіпорындардың, әсіресе өңдеуші өнеркәсіп саласындағы тікелей өндірістік қызмет саласына неғұрлым кеңінен қатысуы үшін жағдай жасау маңызды міндет болып табылады.

Сондай-ақ, экспорттық қызметте географиялық басымдықтарды байыпты анықтау, сондай-ақ Қазақстан мен шет елдердің өзара мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады.

Дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды жеткізудің ұлғаюы оларды жеткізу географиясын кеңейту, қазақстандық экспорттаушылар тарапынан демпингті, сондай-ақ сауда әріптестері - елдердің тарапынан кемсітушілік шараларын болдырмау арқылы жүзеге асырылады. Алайда, мемлекеттік мониторинг пен шикізаттық экспортты қолдау қажеттігі қалады. Бұл үшін:

шет елге шығарылатын шикізаттық тауарлар мен шала өнімдерді қайта өңдеу тереңдігін ұлғайту және сапасын жақсарту;

оларды сыртқы рыноктарға тиімді жылжыту үшін мұнайдың, металдардың сапасын халықаралық сертификаттауды жүргізу;

тауарлар экспорты мен валюта түсімін бақылаудың пәрменділігін арттыру үшін әлемдік практикаға сәйкес экспорттың көлемі мен бағаларын есепке алуды жақсарту;

экспорттаушы кәсіпорындардың қаржы-экономикалық, қызметінің барынша  
ықтимал ашықтығын қамтамасыз ету;

кен өндіру салаларында қазақстандық құрамдас бөліктің қатысуының  
басымдығын көздеу;

әлемдік бағалардың өзгерулеріне жедел ден қою үшін сауда-саяси ахуалын  
және әлемдік рыноктың конъюнктурасын дамытудағы үрдістерді зерделеу және  
талдау жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Дәстүрлі емес, жаңа тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту үшін:  
өңдеуші өнеркәсіпте жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті өсу нүктелері  
болатын қара, түсті, асыл және жерде сирек кездесетін металдарды, мұнай мен  
газды өңдеу салаларындағы үшінші, төртінші және бесінші қайта бөлістерді  
дамытуды инвестициялау;

агроөнеркәсіптік өндірістің салаларында бәсекеге қабілетті өнім өндіруді  
дамыту;

тауарлардың экспортқа бағдарланған жаңа түрлерін өндіруді дамыту;  
қосылған құны жоғары өнімдер экспортын несиелендіру мен сақтандырудың  
тетіктерін қалыптастыру (соның ішінде экспорттық-импорттық сақтандыру  
құрылымдарын құру);

сыртқы рыноктарға жылжыту үшін әлемдік стандарттарға сәйкес дайын  
өнімнің негізгі түрлерін сертификаттауды және стандарттауды қамтамасыз ету.  
Азық-түліктің экологиялық қауіпсіздігін білдіретін эко-жапсырмалар түріндегі  
таңбалауды ерікті түрде пайдалану;

бірінші кезекте өңдеуші өнеркәсіпті дамытудың басым бағыттары бойынша  
франчайзингтік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар құру;

ақпараттық қолдау жүйесін қалыптастыру (ақпаратты клиент үшін қолайлы  
нысанда тиімді және жедел беруді қамтамасыз ететін  
ақпараттық-консультациялық қызметтердің желілері);

маркетингтің деңгейін көтеру, жарнамалық қызметті жетілдіру (көрмелік-жәрмеңкелік іс-шаралар, сыртқы рыноктардағы жағдаймен танысу және іскерлік байланыстар орнату үшін сауда делегацияларының сапарлары, оларды халықаралық кездесулердің, келіссөздердің және өзге де іс-шаралардың барысында көрсету жолымен неғұрлым басымдықты экспорттық жобаларды дипломатиялық қолдауды қамтамасыз ету). Қазақстандық өнімдерді экспортқа жылжытудың перспективалы нысаны әртүрлі көрмелік іс-шараларды, соның ішінде келісім-шарттар жәрмеңкелерін, халықаралық байланыс күндерін, идеялар мен технологиялар көрмелерін өткізу болып табылады;

қазақстандық экспорттаушылардың сыртқы рыноктарға шығуы және тұтас алғанда, олардың қызметін үйлестіру кезінде келісілген іс-қимыл жасау үшін экспорттаушылар қауымдастықтарын құру;

экспорттық өндірістің негізінде мүлде жаңа технологиялар құру және қолдау жолымен ғылымды көп қажетсінетін және жоғары технологиялы өнімдерді игеру . Бұл үшін жоғары технологиялы салаларға қолданылатын ынталандырулар жүйесін жасау, сондай - ақ :

- жыл сайынғы сатулардың жалпы көлемінен зерттеулерге және дамуға жұмсалатын шығыстар ;

- ғылыми және техникалық қызметкерлердің жұмыс күшінің жалпы санына пайыздық құрамы ;

- отандық ғылыми-зерттеу институттарын тарту арқылы жоғары технологиялы өндірістерді, материалдар мен өндірістердің жаңа түрлерін әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға таза кірістерден міндетті түрде жыл сайын қаражат бөлу бойынша белгілі бір сандық шарттарды қанағаттандыруға тиіс болатын кәсіпорындарды іріктеудің өлшемдерін анықтау қажет. Өнеркәсіптің құрылымын реформалау және экспортты әртараптандыру мақсатында олардың базасында ғылыми әзірленімдерді іске асыру жөніндегі еншілес кәсіпорындар мен өндірістер құруды ұсыну .

Дайын бұйымдар экспортын кеңейту тауарлардың бәсекеге қабілетті екені көрсетілуін қамтамасыз етуді талап етеді, ол орауыш материалдар шығару жөніндегі өнеркәсіптің отандық салдарын дамыту проблемаларымен тікелей байланысты. Орауыш материалдардың қымбат тұратын импортына жол бермеу үшін неғұрлым бәсекеге қабілетті ретінде, әсіресе тамақ саласында оларды дайындау, атап айтқанда, тамақ азық-түліктерінің асептикалық және вакуумдық орауыштарын дайындау жөніндегі қазіргі заманғы технологияларды енгізу қажет ;

сауданың жаңа түрлерін, соның ішінде электрондық сауданы дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде бірқатар міндеттерді шешу қажет.

Сауда операцияларын көптеген елдердің мемлекеттік экономикалық инфрақұрылымында берік позицияға ие, электрондық коммуникациялық желілер арқылы жүзеге асыру электрондық сауданы дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасауды, электрондық сауданы басқарудың халықаралық, танымал жүйелерін енгізуді және электрондық сауданы дамыту жөніндегі халықаралық жобаларға қатысуды көздейді .

Тұтас алғанда жаңа экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау шаралары қаржы лизингінің тетіктерін пайдаланумен, өндірістік ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етумен, шикізаттың отандық экспорттаушыларының кірістерін Қазақстанның аумағындағы қосылған құны жоғары тауарлардың өндірісіне инвестициялауға қайта бағдарлау үшін қолайлы инвестициялық ахуал және жағдайлар жасаумен байланысты. Елде экономикалық ахуалдың жақсаруына



және отандық экспорттаушылардың нығаюына қарай олардың шетелдік инфрақұрылымын (өткізу ұйымдары, дилерлік желілер, сервистік орталықтар) құруға жәрдемдесетін шаралар қабылдануы мүмкін.

Өнімнің сапа, қауіпсіздік немесе мөлшерлері сияқты сипаттамаларымен байланысты реттеудің техникалық шаралары қазақстандық тауарлардың экспортын дамыту үшін ерекше маңызға ие болуда. Олар өзіне, сондай-ақ тауарды орау және таңбалау, сертификаттау жүйесі бойынша және т.с.с. талаптарды қамтиды. Ол үшін:

қазақстандық кәсіпорындарда сапа жүйелерін әзірлеу және енгізу; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде мүдделі, құзыретті ұйымдарды тарту арқылы жаңа стандарттар әзірлеу және экспорттық тауарлардың негізгі түрлеріне қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес қолданылып жүрген стандарттарды үйлестіру;

елдер арасындағы тауар айналымының көлемін одан әрі ұлғайту және мемлекеттер кәсіпкерлерінің арасында ынтымақтастықтың тікелей өзара тиімді байланыстары мен нысандарын орнату үшін алғышарттар жасау мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер жасасуды қамтамасыз ету;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдарымен кооперация, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге қатысу негізінде стандарттау, метрология және сертификаттау саласында бірыңғай кеңістік құру жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру қажет.

Қазақстандық тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту үшін мемлекеттік емес (коммерциялық) қызметтер: коммерциялық конъюнктуралық ақпарат орталықтарын, маркетингтік және консальтингтік ұйымдар және т.с.с. құруға жәрдемдесу орынды.

Қазіргі уақытта, Қазақстанға қолайлы сауда режимін қалыптастырумен қатар технологиялық инновацияны арттыруды және өнімділікті арттыру мен жоғары қосылған құнды қамтамасыз ететін өнеркәсіп құрылымын құруды талап ететін тауарлар экспортының халықаралық бәсекелестік қабілетін нығайту қажет. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан осы салалардың кәсіпорындарына технологиялық сияқты, сондай-ақ басқарушылық проблемаларды

да шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір жағдайлар мен инвестициялық ахуал жасау талап етіледі. Экономиканың нақты секторы үшін қолайлы инвестициялық, ахуал жасау мақсатында шетелдік күрделі қаржы жұмсалымдары

мен шикізат салаларынан түсетін экспорттық валюталық кірістерді неғұрлым тиімді және атаулы пайдалану мәселелерін шешу қажет.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК